

Қазақстан Республикасы мәслихаттары депутаттарын сайлау жөніндегі құжаттарды сақтау тәртібі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының қаулысы 1996 жылғы 19 наурыз N 51 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1994 жылғы 6 мамырда тіркелді. Тіркеу N 298. Күші жойылды - ҚР орталық сайлау комиссиясының 1999 жылғы 8 қазандағы N 33/251 қаулысымен. ~V990932

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" U952464_ Қазақстан Республикасы Президентінің конституциялық заң күші бар Жарлығының 12-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы қаулы е т е д і :

Қазақстан Республикасы мәслихаттары депутаттарын сайлау жөніндегі құжаттарды сақтаудың мынадай тәртібі бекітілсін:

1. Тиісті аумақтық сайлау комиссиялары мәжілістерінің хаттамалары округтік сайлау комиссияларының мәслихат депутаттығына кандидаттарды тіркеу туралы хаттамалары, кандидаттардың есеп карточкасы; әрбір округ бойынша мәслихат депутатын сайлау нәтижелері туралы округтік сайлау комиссияларының хаттамалары тиісті аумақтық сайлау комиссиясында 5 жыл бойы сақталады, сосын бекітілген тәртіпте тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің мемлекеттік архивіне тапсырылады.

2. Округтік сайлау комиссиялары мәжілісінің хаттамалары: мәслихат депутаттығына кандидаттарды тіркеу туралы хаттамалардың көшірмелерін қоса; Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде немесе облыстық (қалалық) әділет басқармасында осы қоғамдық бірлестіктің тіркелгені туралы құжаттар қоса тіркелген кандидаттарды ұсыну жөніндегі республикалық немесе жергілікті қоғамдық бірлестіктер жоғары органдарының хаттамалары; мәслихат депутаттығына кандидат болып дауысқа түсуге келісетіндігі немесе ниеттенетіні туралы өтініші; кандидаттың өмірбаяны; дауыс беру нәтижелері туралы учаскелік сайлау комиссиялары хаттамалары қоса тіркелген, сайлау округтері бойынша мәслихаттар депутаттарын сайлау нәтижелері туралы округтік сайлау комиссиялары хаттамаларының көшірмелері сайлау комиссиялары құрған органдарда 5 жыл бойы сақталады, содан кейін тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің мемлекеттік архивіне тапсырылады.

3. Учаскелік сайлау комиссиялары отырысының хаттамалары және басқа құжаттар, сайлау округі бойынша дауыс беру нәтижелері туралы хаттамалардың

көшірмелерін қоса, сайлау комиссиялары құрған органдарда 4 жыл бойы сақталады, содан кейін бекітілген тәртіпте жойылады.

Әскери бөлімшелерде құрылған учаскелік сайлау комиссияларының аталған құжаттары, әскери бөлімшелерде 4 жыл бойы сақталады, содан кейін бекітілген тәртіпте жойылады.

4. Сайлаушылар тізімін учаскелік сайлау комиссиялары, осы комиссиялар құрған, органдарға береді, онда олар жаңа сайлау өткізілгенге дейін сақталады, содан кейін жойылады.

5. Дауыстар саналғаннан кейін сайлау бюллетеньдерін учаскелік сайлау комиссиялары (мөрі алынған күйде, олардың ішінде жеке жойылған бюллетеньдерді) тиісті аумақтық сайлау комиссияларына жібереді, онда олар сайлау күнінен бастап 1 жыл бойы сақталады, сосын жойылады.

Комиссия төрағасы
Комиссия хатшысы
1996 ж. "19" наурыз
N 51